



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 10 қазан

Қазақстандықтар жария ету науқанының шеңберінде банк шоттарына 1,8 трлн. теңгеден астам енгізді

Жария ету жөніндегі науқанның қолданылу кезеңі ішінде 2014 жылғы 1 қыркүйек - 2016 жылғы 6 қазан аралығында банктер 4201 банк шотын ашып, оларға шамамен 1 трлн. 870 млрд. теңге салды. Бұл туралы ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары О. Смоляков ҚР Үкіметінің отырысы барысында айтып берді.

Оның айтуынша, 1 трлн. 658 млрд. теңгеден кем емес шетел валютасында, басым түрде АҚШ долларымен жария етілді, бұл жалпы жария етілген ақша сомасының 89%-ын құрайды. Жария етілген ақшалай қаражаттың жартысынан көбі 53% банк шоттарына қолма-қол нысанда салынды. Қолма-қол ақшасыз аударымдар арқылы 47% есептелді, олардың 14%-ы - шетелдік банктердегі шоттардан аударымдар, деп атап өтті О. Смоляков.

«Арнайы шотта қаражатты сақтау бойынша талаптың күшін жоюына байланысты, азаматтар жария ету рәсімдері аяқталғаннан кейін ақшаны арнайы шоттардан әдеттегі банк шоттарына аударуды жөн көреді. Жария ету кезеңі ішінде арнайы шоттардан басқа банк шоттарына ақшалай қаражаттың 62%-ы аударылды. Бұл ретте, жария етілген ақша негізінен Қазақстанның банктерінде ашылған банк шоттарына аударылады. Шетелдік банктерде ашылған шоттарға жария етілген ақшаның 9%-ына жуық аударылды», - деп хабарлады ҚР ҰБ-ның өкілі.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 3302 497.

+7 (727) 2704 697

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz